Жұрт оны Мәншүкке бекер ұқсатпаған екен. Қайсар қыз қызығынан қиындығы көп, еркіндігінен тәртібі темірдей қатты күрделі саланы таңдады. Бірақ мұнысына ол еш өкінген емес. Орта біліммен алысқа шаба алмайтынын түсініп, 1982 жылы Алматы темір жол көлігі инженерлері институтына оқуға түседі. Үш жылдан соң тұрмыс құрып, өмірге үш қыз әкеледі.

Тауар кассирінен кейін парк кезекшісі болып жұмыс істейді. Кейінірек технология орталығының операторы болады. Бүгінде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалына қарасты «Пойыз ақпараты мен тасымалдау құжаттарын өндейтін станциялық технологиялық орталығының» басшысы.

– Станциядағы жұмыс өте күрделі. Пойыздарды құру жоспарына сәйкес белгіленген параметрлері бойынша Тараз станциясына келген пойыздарды құжат бойынша тексеріп, бағыттарға белгілеп, жаңа пойыздарды құрастырамыз. Станция бойынша барлық келген және кеткен, таратылған пойыздардың саны, тұрған уақытын көрсететін сандық және сапалық көрсеткішін көрсететін айлық және тоқсандық есеп дайындаймыз. Берілген тапсырмалардың барлығын дер кезінде орындау үлкен жауапкершілік жүгін жүктейді. Соған қарамастан жұмысымды өте жақсы көремін. Тіпті, уақытты кері бұрып, қайтадан мамандық таңдауға мұрсат берсе, осы жұмысымды таңдарым сөзсіз. Мен өзімді басқа салада елестете алмаймын, өйткені теміржолшы мамандығы менің табиғатыма жақын, – дейді 43 жыл темір жолда тер төгіп жүрген майталман маман.

Әріптестері Меңсұлу Донбаеваның жұмысына жан-тәнімен берілген жан екенін айтады. Кейіпкеріміздің керемет қасиеті қашанда көмек қолын созуға дайын. Әріптестеріне де, салаға жаңадан келген жас мамандарға да мол тәжірибесімен бөлісіп, қолғабыс етіп жүргені Меңсұлудың мерейін үстем етеді.

*Ардақ УСЕЙІНОВА,*
*Жамбыл*
*Суретті түсірген автор*

# МАҢДАЙЫН – КҮН, САМАЙЫН ЖЕЛ СҮЙГЕН ЖОЛШЫ

**Гүлнәр Жанқожақызы – Арыс жол дистанциясының 19-шы айналымында 1984 жылдан бері жол жөндеуші болып еңбек етіп келеді. Сол кездері Гүлнәр апайдың қызмет орны Соларский жол дистанциясы деп аталған.**



Яғни Кеңес үкіметі кезінде Өзбекстанның Ташкент өңіріндегі теміржол тармағының санатында болған бұл телім 2003 жылы ғана Қазақстан меншігіне өткен. Мінекей, соған дейінгі де, кейінгі де кезеңдерде мекеме атауы сан құбылып, бірнеше рет ауысқанымен, Гүлнәр апайдың еңбек жолы да, лауазымы да еш өзгермеген...

«Мен бойжеткен шағымда әкем «техник боласың» деді. Әкей айтты, біз көндік. Содан бері сол кісінің сүрлеу-соқпағымен жүріп келе жатқаныма табаны күректей 40 жыл болды», – дейді кейіпкеріміз.

Негізінен көп жағдайда бұл қызмет ер азаматтарға тән ауыр жұмыс екені белгілі. Алайда, кейіпкеріміз жұмысқа араласа бастаған кезде, оның қасында бір жеңгесі мен апайы болған. Бертін келе, оның бірі бақиға аттанып, екіншісі зейнетке шыққан. Оған қоса, қайбір жылы қыз-келіншектерді физиологиялық тұрғыда ауыртпалық жүктейтін мұндай жұмысқа тартпау туралы Ұлттық компания тарапынан арнайы ереже шыққан. Бірақ салаға жетекшілік ететін жауапты мамандар Гүлнәр Жанқожақызының отбасылық жағдайы мен ұзақ жылдық мол тәжірибесін ескеріп зерделей келе, оның осы қызметтен құрметті демалысқа шыққанын жөн көріпті. Гүлнәр әпкеміз қазір жолшылар қатарында жұмыс істеп жүрген бір ғана әйел. Жақын күндері көп жылғы еңбегінің зейнетін көруге құрметті демалысқа шықпақ.

Өмірінің осыншама уақытын шойын жол шаруашылығына арнаған ана бүгінде қос перзентінен оншақты немере сүйіп отырған ақ жаулықты әже. Ер азаматтармен қатар жүріп маңдайын күнге, самайын желге сүйдірген ол: «Мен көрген қара жұмыстың қиындығын балаларым көрмесін» деп екі қызының медициналық білім алуына жағдай жасайды. Енді міне, сол көңіл қалауы, асқақ арманы орындалып, қыздары Наргиза мен Гузаль ақ халатты абзал жандардың қатарында ұлт саулығының сақталуына өз үлестерін қосып келеді.

Гүлнәр апайдың ағасы Ержігіт Қалтайұлы осы күндері теміржолда өзімен қатар несібесін теріп жүрсе, әкесі Жанқожа осы саладан зейнетке шыққан ақсақал. Ал атасы Қабыл болса, Жылға маңындағы теміржолдың дамуына жылдар бойы тер төгіп, өмірден өткен жан екен.

*Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,*
*Түркістан*
*Суретті түсірген автор*

# ЛОГИСТИКА ШЕБЕРІ

**Семей өңіріндегі 2-ші класты учаскелік Дегелең станциясының бөлімше бойынша жүк тиеудегі үлесі 50 пайыз шамасында. Негізгі жүк көмір – аймақ экономикасының өсуіне зор ықпалын тигізуде. Ал осы жүктердің еліміз бен іргелес мемлекеттерге логистикасын ұйымдастыру – Самал Тұрсынханованың мойнына артылған міндет. Ол Дегелең станциясы бастығының логистика бойынша орынбасары.**



Сондықтан Самал Көшкінбекқызын қашанда қайнаған еңбектің бел ортасынан табасыз. Биыл 75 жылдығын атап өтетін осынау станцияда кейіпкеріміздің жұмыс істеп жатқанына ширек ғасырға таяпты. Осында туып-өсіп, теміржолшылар отбасында тәрбиеленген. Заманында Семей ядролық сынақ полигонының құпия нүктесі саналған станцияның тарихын бес саусақтай білетін бірегей маман.

– Дегелең станциясының тасы 187 шақырымдық Аксу – Дегелең теміржол желісі іске қосылған сәт, 2001 жылдан бастап өрге домалай бастады. Алғашқы жолаушылар пойызы мен іргедегі Қаражыра кенішінің ашылуына байланысты жүк тасымалы да осы жылдары жүргізіле бастады. Жыл санап станция ауқымы кеңейіп, жөнелтілетін жүк көлемі де артуда. Осыдан біраз жыл бұрын көмір тасымалын жазғы мезгілден бастау шарасы қолға алынып, сәйкесінше жұмыс барысы тіптен ширай түсті, – дейді Самал Көшкінбекқызы.

Ең алғаш ол станцияға жүк пен багажды қабылдаушы болып анасының қасына жұмысқа тұрыпты. Қара жұмыстан қағазбен жұмыс істейтін кеңсе қызметіне дейінгі барлық сатыдан өтіпті. Осы қызмет сатылары оның тісқаққан тәжірибелі маманға айналуына себепші болды.

– Қаражыра көміріне тапсырыс берушілер қатары жыл санап артып келеді. Қосымша тапсырыстар көп. Дегелең станциясындағы жүк цехында қашанда қарбалас тірлік. Осы кезде біз логистика және тасымалды ұйымдастыру ісінің білгірі Самал Көшкінбекқызының мол тәжірибесіне арқа сүйейміз. Аға буын өкілінің жастарға үйретері көп, – дейді станция бастығы Талғат Баширов.

Станциядағы жұмыс туралы еркін сөйлесетін Самал Көшкінбекқызы өзі хақында көп сөзге жоқ екен. Мақтағанды ұнатпайды. Әйтсе де, әр жылдарда Семей ЖТ бөлімшесі басшылығынан бастап, ұлттық компания басшылығы, Курчатов қаласы әкімдігінің тарапынан алған марапаттары мол. Десек те, 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесінде әріптестері ең әуелі Самал Тұрсынхановаңы құттықтайды. Осының өзі майталман маманның ұжымдағы орны мен абыройын айғақтаса керек.

*Қуаныш ҚОЖАЕВ, Дегелең*
*Суретті түсірген автор*

**«Адал еңбегі үшін» медалінің және «Құрметті теміржолшы» белгісінің иегері Айсәуле Әбдіғалиева ұжымында беделді, әріптестеріне сыйлы жан. Ол еңбек жолын сонау сексенінші жылдары Мақат техникалық қызмет көрсету пунктінде букске май құю слесарі болып бастаған екен.**

# МАМАНДЫҒЫ – МАҚТАНЫШЫ



Кейін вагон операторы, вагон қараушы болып қызметтерін ауыстырады. Өндірісте шыңдала жүріп, ол білімін ұштауды жөн көреді. 1985 жылы Алматы теміржол техникумына сырттай оқуға түсіп, оны ойдағыдай бітіреді. Он жылдың үстінде вагон қараушы қызметін мүлтіксіз атқарады. Жалпы, станцияға тәулігіне ондаған вагондар келеді. Вагон қараушылар ақауларды тапқаннан кейін техникалық күтім не қызмет көрсету пунктіне жібереді. Ал слесарь, дәнекерлеуші, краншылардан құралған бригада кешенді жөндеу жұмыстарына кірісіп кетеді. Енді ол вагондардың жолға шығу жарамдылығын да қадағалау қажет. Техник, аға вагон қараушы, кейін вагон шебері, эксплуатация инженері болып жүргенінде де Айсауле осы процестердің бәрін жіті қадағалап, ісіне адал болуға тырысады. Ақырында өндірісте жиналған мол тәжірибе, біліктілік пен білім үйлесімділігі, адамдармен жұмыс жасай білу қабілеті оны депоның еңбек қорғау саласында қызмет етуіне алып келеді. Күні бүгінге дейін осы салада абыройлы еңбек етіп жүр. Білімін шыңдауды мақсат еткен ол 2006 жылы Алматы көлік академиясын да бітіріп шығады.

«Айсәуле Нысанқызы кәсіби білімі терең, біліктілігі жоғары маман. Өз жұмысына адал, ісіне тыңғылықты, қандай жұмысты да үлкен жауапкершілікпен атқарады. Еңбек қорғау саласында жұмысшыларға қажетті шаралардың бәрін толыққанды іске асырып, тиісті жағдай жасауға барын салып жүргені», – дейді депоның бас инженері Рашид Мұсабаев.

Айсауле Әбдіғалиева отбасында да сүйікті жар, бақытты ана. Жолдасы Нұрасыл Құмарұлы да теміржолшы. Екеуі Ақмарал, Әсел, Орынгүл атты үш қыз өсіріп, тәрбиеледі. Олардың үшеуі де бүгінде жоғары білімді математик, экономист, шет тілі мамандары. Өмірде өз жолдарын тауып, қоғамға адал қызмет етіп жүрген жастар. «Мен үшін мамандығым – мақтанышым, отбасым – бақытым» дейді Айсәуле Нысанқызы.

*Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау*
*Суретті түсірген автор*

# ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТТЕГІ ҚЫРЫҚ ҚЫЗ

**Қызылорда сигнализация және байланыс дистанциясы (ШЧ-39) – компанияның жетекші кәсіпорындарының бірі. Бірнеше рет үздік ұжым деп танылып, құрметке де бөленді. Ал осы жетістіктердің түгелінде ерлермен иық тіресе жұмыс істеп жүрген қырық қыздың еңбегі шаш-етектен.**



Дистанцияның жөндеу-технологиялық учаскесінің цехында Гүлжауһар Кенжеғұлова, Мария Құрманбаева, Клара Қаналиева, Гүлнар Жүсіпбек, Қаршыға Оразова сынды кәсібилігі шыңдалған білгір мамандар жұмыс істейді. Бұл – кәсіпорынның ең күрделі цехтарының бірі, мұнда HATS релесінің маңызды элементтерін реттеуді тексеру жұмыстары атқарылады. Жұмыстың күрделілігіне қарамастан учаске қыздары өз қызметтеріне әбден машықтанып алған.

Қызметкерлердің 90 пайызын әйелдер құрайтын техникалық құжаттама тобының цехы схемалық шешімдерді әзірлеу және жаңа технологияларды енгізу шаруасымен айналысады. Өндірістік технологиялардың құжаттамаларын реттеу ыждағаттылықты, біліктілікті, аса дәлдікті қажет етеді. Міне, осы қасиеттерді бойына сіңіре білген Айқын Абылбекова, Ақмарал Қалиева, Жанна Абдуаитова, Нұргүл Нагиметова, Райхан Жақсылықова, Тұрсынгүл Қойбағарова сынды арулар ерен еңбектің үлгісін көрсетіп келеді.

Қыз-келіншектердің белсенді жұмыс істейтін келесі цехы – жедел байланыс және радиобайланыспен қамтамасыз ету бөлімшесі. Дистанцияда байланыс және радиобайланыспен үздіксіз қамтамасыз ету ұжымның жұмысына берілетін баға іспеттес. Сондықтан бұл цехта Гауһар Уалиева, Раушан Сүлейменова, Әсем Қосатбаева, Шолпан Мақанова, Перизат Оспанова, Айнұр Елеуова, Зағипа Спанова, Айша Ерденова, Ақтолқын Раушанбек, Сәбира Алдабергенова, Сағида Керімбекова, Айнұр Есенғараева сияқты кіл бесаспап мамандардың жұмыс істеуі орынды. Кәсіпорынның ең қиын учаскелерінде Айқан Алтаева, Рашида Минамутдинова, Гүлшат Бердиярова, Гүлшат Сатмаханова, Құралай Байғабулова еңбек көрігін қыздыруда. Олардың еңбектері пойыз қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей байланысты. Ал Жанар Есенғараева, Жібек Сәрсенбаева, Перуза Әуенесова, Татьяна Голенко, Лаура Алмасбаева, Айман Бекішева, Шолпан Арқабаева сынды қыз-келіншектер компанияның еншілес кәсіпорындарымен және бөлімшелерімен байланысты қамтамасыз ету ісімен айналысады. Олардың жұмысы байқала бермейді, бірақ қашықтықты бағалау олардың жұмысына байланысты.

– Біздің ұжымның 20 пайызын құрайтын қыз-келіншектер дистанцияның табысты дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді. Біздің кәсіпорынның ерекшелігі, теміржол автоматикасы, телемеханика және байланыс құрылғылары өте ерекше күтімді қажет етеді. Сондықтан олардың ақаусыз және үздіксіз жұмыс істеуі мамандардың өз ісін шебер меңгергеніне байланысты. Осы ретте біздің қыз-келіншектеріміз – шеберлігі шыңдалған мамандар. Оларға алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – дейді өндірістік бөлім басшысы, құрметті теміржолшы Нұрлан Жәнібеков.

*Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,*
*Қызылорда*
*Суретті түсірген автор*

№22-23 (2952-2953) 08/03/2024

# ПОРЯДОЧНОСТЬ И ТВЕРДОСТЬ ХАРАКТЕРА

**Среди начальников станций не часто встретишь представительниц прекрасного пола. Эта работа требует не только больших знаний и опыта, но и твердости характера. Заручиться авторитетом в преимущественно мужском коллективе, наладить взаимодействие всех служб и полностью управлять процессом – Сауле Искаковой, на протяжении 18 лет успешно руководившей станцией Малай-Сары, это легко удалось.**



На железной дороге Сауле Мурзакановна работает уже 38 лет и, оглядываясь на свой трудовой путь, с уверенностью отмечает, что не изменила бы в биографии ни строчки. Кажется, сама судьба предопределила выбор профессии. Она родилась в семье железнодорожника на станции Малай-Сары (ныне Жетысуская область), где трудится по сей день. С малых лет завороженно следила за движением поездов, интересовалась процессом работы станции. Всегда отличалась дисциплиной и ответственностью, не боялась трудностей и все схватывала на лету. Вдохновлял и пример отца – участник ВОВ, мужественный, трудолюбивый, строгий, но справедливый, он посвятил отрасли 50 лет жизни. Был дежурным по станции. Видя в дочери большой потенциал, отец и сам поддерживал ее желание стать железнодорожником.

Свой путь на стальной магистрали Сауле Искакова начинала монтером СЦБ и связи в Уштобинской дистанции сигнализации и связи, после там же работала механиком. В 1990 году перевелась на станцию Сарыозек оператором, грамотную и ответственную работницу вскоре заметили и повысили до дежурной по станции. Затем назначили начальником ее родной станции Малай-Сары, в этой должности Сауле Мурзакановна отработала 18 лет, лишь три года назад по состоянию здоровья перевелась товарным кассиром.

Работа начальника сложна даже для сильного пола – на его плечах лежит ответственность за весь процесс: прием и выдачу грузов повагонными и мелкими отправками, их сохранность, соблюдение требований нормативных документов, взаимодействие дежурных, путейцев, вагонников, связистов и других подразделений, безопасность, охрану труда и многое другое. А учитывая, что основной костяк коллектива представлен мужчинами, руководителю нужно еще и стать для них непререкаемым авторитетом. Своим профессионализмом и ответственным отношением к работе Сауле Искакова быстро добилась признания и уважения коллег.

– Вы знаете, на работе я и сама как мужчина. Такой характер. Если нужно поругать – поругаю. Я требовательна в первую очередь к себе, но и подчиненным поблажек не давала. Железная дорога ошибок не прощает. На какой бы должности ты не трудился, ты должен быть профессионалом, порядочным, заинтересованным в результате, держать все под контролем, – считает железнодорожница.

О коллективе она отзывается с особой теплотой, отмечая его сплоченность, взаимовыручку и четкое выполнение обязанностей.

– Это очень ценно и помогает в повседневном труде, – говорит Сауле Искакова.

Все 18 лет под ее руководством станция выполняла производственные показатели и работала как часы. Наряду с руководящей должностью Сауле Мурзакановна отлично справлялась с еще одной – ролью мамы. Она одна воспитывала сына и смогла стать для него примером профессионализма, любви к выбранному делу и умения грамотно совмещать семью и карьеру. Вот уже 15-й год, как он тоже трудится на железной дороге – составителем поездов. Общий стаж семьи приближается к отметке в 100 лет. Век ответственного труда на благо стальной магистрали Казахстана. Вклад Сауле Искаковой руководство не раз отмечало наградами. На расширенном совещании АО «НК «ҚТЖ» по итогам 2023 года железнодорожнице вручили почетную грамоту АО «Самрук-Қазына».

– Я люблю свою профессию, и она любит меня, – с улыбкой отмечает Сауле Искакова. – Железная дорога – это железная дисциплина, золотые люди и бесценный жизненный опыт.

*Любовь РОВБА*
*Фото Александра ЖАБЧУКА*

**Уже 30 лет Анна Москвина трудится дежурным по станции Оскемен-1. Свой коллектив она называет «одной семьей», в людях ценит отзывчивость, душевность и простоту, ответственность. Интересно, что ее коллеги отмечают наличие таких качеств и в ней самой.**

# КОГДА ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА РЯДОМ ВСЮ ЖИЗНЬ



Она родилась и выросла, по сути, в другом от ВКО конце Казахстана – городе Гурьеве (ныне – Атырау). У ее родителей в семье было пять дочерей. Отец трудился автослесарем, мама в основном занималась воспитанием детей. Анна Москвина вспоминает, что родители всегда воспитывали в них отзывчивость, альтруизм.

– Я их запомнила добрыми и человечными. Еще у нас в семье любимой была пословица: «Без труда не вынешь и рыбку из пруда». Весной и летом мы постоянно работали на даче, осенью помогали матери с засолкой. Нас воспитывали трудом. Мама все время мне повторяла: «Голову никогда не теряй!» Нас родители так учили, что на первое место нужно ставить других людей, потом – себя, – говорит она. – Наверное, с тех пор мне нравятся люди, которые не кичатся своим положением, статусом, не выпячивают свое «я».

В 1983 году Анна Москвина окончила Гурьевский техникум инженеров транспорта. Училась хорошо, успевая во время учебы путешествовать по городам ныне бывшего Союза. Говорит, что выбрала эту профессию потому, что их семья жила вблизи железной дороги. С детства она постоянно слышала, как на станции прибывают-убывают поезда. Наверное, эти звуки стали для нее родными. Да и отец, вспоминает Анна, всегда говорил дочерям, что нужно выбирать работу в тепле, в помещении, а не на улице. Впоследствии он очень гордился, что дочь пошла работать на железную дорогу, имеет инженерную должность.

В Восточно-Казахстанскую область Анна Москвина приехала по распределению 28 июля 1983 года, а 3 августа приступила к работе. Сначала она проходила практику в должности стрелочника. Потом ее назначили дежурным по станции Защита-2 Южная. Там она встретила своего будущего мужа Сергея Москвина, спустя два года они поженились. Как молодому специалисту ей дали двухкомнатную квартиру, за что она очень благодарна железной дороге. Позже Анна Москвина окончила Казахскую академию транспорта и коммуникаций имени М. Тынышпаева (ныне – Академия логистики и транспорта).

– В этом году исполнится 41 год моего трудового стажа. У меня в трудовой книжке – только моя станция. Я никуда больше и не хотела идти работать. Трудилась дежурным по парку, дежурным поста централизации, оператором и уже 30 лет – дежурным по станции. Сколько у нас было руководителей на станции Оскемен-1 – все они хорошие. У меня никогда не было сомнений в том, что я сделала правильный выбор профессии. В этом году уйду на пенсию. 17 декабря мне исполнится 61 год. Мой муж, который работает в Семейской дистанции энергоснабжения водителем дрезины, тоже уйдет на заслуженный отдых. 2 ноября ему будет 63 года, – рассказывает Анна Москвина.

За свой долголетний труд, высокую дисциплину, ответственность, активность, вклад в развитие железнодорожной отрасли Анна Москвина не раз получала поощрения, награды от руководства АО «НК «ҚТЖ», профсоюза, акима ВКО.

Но и вне работы она находит себе занятия. Летом Анна Москвина обожает работать на даче, выращивает овощи, фрукты, ягоды, любит готовить.

– Мои коллеги радуются, если я что-то приношу на работу, приготовленное своими руками, – улыбается она.

Вместе с мужем они воспитали двоих детей – дочь Марину и сына Ивана. Теперь у них еще и четверо внуков.

– Думаю, на заслуженном отдыхе я дальше буду заниматься дачей, плюс хочу путешествовать, помогать детям в воспитании внуков. В этом году моя третья внучка Алиса пойдет в первый класс. Так что скучать на пенсии точно не придется.

*Ольга УШАКОВА,*
*Усть-Каменогорск*
*Фото Ирины БАЖАН*

**Не женская это профессия – быть начальником станции, довольно часто рассуждают со стороны люди. Ей бы сидеть за компьютером да бумажки перебирать, а она на своих хрупких плечах тянет грузовую железнодорожную станцию Сокыр, расположенную в Карагандинском регионе.**

# ГДЕ ТРУД, ТАМ И СЧАСТЬЕ



На нашу героиню Замзамию Ахмадуллину возложена большая ответственность – обеспечивать исправное состояние в границах станции железнодорожных путей, стрелок, сигналов и других технических устройств, нормальное освещение территории, стрелочных постов, стрелок, переездов, пунктов погрузки и выгрузки и другое.

Но самое главное качество, которым она обладает, – умение руководить людьми. С этой задачей она справляется на отлично. Не зря в коллективе Замзамию Ахмадуллину называют второй мамой, ведь она и наставник, и друг, и товарищ.

Стаж нашей героини на железной дороге составляет 40 лет. После окончания Казахской академии транспорта и коммуникаций имени М. Тынышпаева она поступила на работу в должности товарного кассира, затем была переведена дежурным по станции. На любом участке женщина проявляла себя с лучшей стороны и зарекомендовала как грамотный и добросовестный специалист. На нее всегда равняются подчиненные, так как она всегда строго соблюдала трудовую и производственную дисциплину, точно следовала правилам технической эксплуатации и инструкций. Отсюда был виден результат качественной работы без упущений и браков. В коллективе Замзамия Ахмадуллина пользуется заслуженным авторитетом, постоянно работает над повышением своих технических знаний, имеет прекрасные организаторские способности.

Главный девиз, на который она ориентируется по жизни: «Кто много трудится, у того все получится». А у нее получается все…

Замзамия Ахмадуллина замужем, она воспитала двух дочерей – Эльмиру и Наилю, которые обладают такими же качествами, как мама, – воспитанные, вежливые, постоянно расширяют свой кругозор. А еще Замзамия Ахмадуллина замечательная хозяйка. Она печет вкусные пироги и торты, которыми с радостью угощает своих коллег.

В рамках празднования 8 Марта Замзамия Ахмадуллина поздравляет прекрасных железнодорожниц с женским праздником и желает им добра, любви, здоровья, позитива, гармонии на работе и в семье.

*Светлана МОГАЙ, Караганда*
*Фото автора*

# УНИКАЛЬНАЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ

**В компании АО «НК «ҚТЖ» трудится много женщин. Работают они в бухгалтерских и кадровых офисах, профсоюзах, а также занимают те или иные руководящие должности. Но есть и те, кто работает непосредственно, что называется, «в поле» – на самой железной дороге. Одна из них – осмотрщик вагонов пункта технического обслуживания Костанайского вагонного эксплуатационного депо филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение грузоперевозок» Газиза Биркенова.**



Первую часть своей жизни она посвятила профессии педагога: работала в школе учителем казахского языка. Однако в 2011 году решила круто изменить свою жизнь. Как признается, всегда хотела работать на железной дороге, ощутить себя частью этого мощного и дисциплинированного коллектива. Начинала Газиза Биркенова переводчиком на железнодорожном вокзале станции Костанай. Переводила на казахский язык объявления о посадках, отправлениях поездов и т. п. Работа, конечно, нужная и важная, но Газизе Биркенова хотелось погрузиться непосредственно в железнодорожную специфику. И в 2016 году у нее появилась такая возможность – она стала работать осмотрщиком вагонов пункта технического обслуживания Костанайского вагонного эксплуатационного депо филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение грузоперевозок». Работа осмотрщика – это уже, что называется, стопроцентная железнодорожная романтика. Со сменами в лютый мороз или проливной дождь, днем или ночью. И с громадной ответственностью – ведь от осмотрщика в немалой степени зависит безопасность движения. Но Газиза Биркенова не жалуется. Говорит, в любой специальности есть свои сложности, но главное – это любить свою профессию, кем бы ты ни работал. А у нее такая любовь к своей профессии есть. Она и помогает справляться с любыми трудностями.

А еще у Газизы есть вторая детская любовь – игра на домбре. Она играет и поет на казахском национальном инструменте с самого детства. Говорит, это ее музыкальное хобби помогает держаться в особо трудные моменты жизни, которые бывают в жизни у каждого.

В Международный женский день 8 Марта Газиза Биркенова желает своим коллегам-железнодорожницам успехов в работе, благополучия и, конечно же, женского счастья.

*Аслан КУДАБАЕВ, Костанай*
*Фото автора*

# НАДЕЖНА, КАК СТАЛЬНАЯ МАГИСТРАЛЬ

**Почти 30 лет работает в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» инженер-технолог Оксана Конышева. Грамотный специалист, мудрый наставник и просто очень хороший человек, до глубины души преданный стальной магистрали.**



А ведь на железную дорогу Оксана Викторовна попала, можно сказать, случайно. Дедушка ее был военным, и семья жила во Владивостоке. Там же и родилась Оксана. А потом переехали в Уральск. После окончания школы она растерялась – никак не могла определиться с выбором профессии. Тетя привела ее на железную дорогу, где и сама работала. Так в 1989 году с должности приемосдатчика грузов на станции Жилаево и началась трудовая деятельность Оксаны Конышевой.

За год заработала направление на обучение в Куйбышевском институте инженеров железнодорожного транспорта, а диплом получила уже Самарского института инженеров путей сообщения (СамИИТ) и вернулась в Уральск. Тогдашний начальник отдела кадров Уральского отделения дороги Нариман Рзалиев предложил ей на выбор два места работы – станции Казахстан и станцию Илецк. Вторая ей показалась перспективней – узловая, движение на три направления. И поехала она в Соль-Илецк.

Новенькую сначала определили помощником дежурного по Илецкому вокзалу, но уже через пару месяцев она приступила к обязанностям инженера-технолога вагонного хозяйства ПТО станции Илецк. Жизнь шла своим чередом, родились дочки, муж тоже на железной дороге работает. Коллектив станции, да и весь городок стали родными.

Сейчас Оксана Викторовна – ведущий инженер-технолог техотдела филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк». В ее обязанности входят расчет классности станций и норм закрепления вагонов на станционных путях, разработка и согласование нормативно-технической документации (НТД), технико-распорядительных актов станций (ТРА), приложений к ним, местных инструкций, консультирование начальников станций и разъездов по НТД и ТРА и так далее. Под ее контролем – документация всех станций и разъездов от Кос-Арала до Уютного, а также Восточного участка Илецкого филиала, поэтому и командировки на Алтай через всю страну при проведении весеннего и осеннего комиссионных осмотров, а то и чаще. Помимо этого, она участвует в различных совещаниях с представителями контролирующих органов и ОАО «РЖД» по вопросам взаимодействия с работниками пограничных станций, подготавливает информационные материалы и протоколы совещаний.

– Мне повезло встретить таких прекрасных специалистов, как илецкие ветераны Фаина Сайбаталова и Татьяна Погорелова, а также коллеги из Уральского филиала «КТЖ – ГП» – «Батыс» Софья Байжанова, Кымбат Тлепова, Элина Жанаева, которых считаю своими учителями и наставниками, – с благодарностью вспоминает Оксана Викторовна.

Не стоит она в стороне и от общественной работы. Конышеву неоднократно выдвигали в цеховой комитет профсоюза, но из-за специфики работы она берет самоотвод. Оксана Викторовна обязательный и очень активный участник всех семинаров по нормативно-технической документации, которые регулярно проводит департамент технической политики, и славится как передовой специалист: «Надежный работник, на таких людях и отрасль держится», – характеризуют ее коллеги. Недаром же ей было присвоено звание «Үздік маман».

*Яна ЛЕНИНА, Илецк*
*Фото автора*

№22-23 (2952-2953) 08/03/2024

**Рано Юнусованың теміржол саласында тер төгіп келе жатқанына отыз жылдан асты. Еңбекке араласқан бастапқы екі жылы Арыс қаласындағы РЭС-242 мекемесіне тиесілі болса, еңбек өтілінің қалған жылында Шымкент электрмен жабдықтау дистанциясының Қызылсай тартымдық қосалқы станциясының «отымен кіріп, күлімен шығып» келеді. Яғни 1988 жылдан бергі мызғымас не деген табандылық дерсіз?!. Бірақ бұл жайт – тұрақтылықты ту еткен теміржолшы қауымы үшін қалыпты жағдай.**

# ЕРЕКШЕ КӘСІП ИЕСІ



Осы күнде Рано Халматқызының Қызылсайдағы қосалқы станцияда электромеханик әрі жедел кезекші міндетін мінсіз атқарып келе жатқанына бақандай 24 жылдан асқан. Осылайша ширек ғасырдан бері жылжымалы құрамдардың қауіпсіз қозғалысын ұйымдастыру ісіне үздіксіз үлес қосып келеді.

«Біздің міндет – маңызды мәселеде шұғыл шешім қабылдауды қажет етеді. Оған қоса мұның артында орасан зор жауапкершілік жүгі жатыр. Өйткені жоғары кернеулі электр энергиясын дер кезінде діттеген тұсқа бағыттап, қауіпсіз қозғалысқа ұйытқы болмасаң, ел экономикасына үлес қосу былай тұрсын, әп-сәтте өзгенің өмірін ойран етуің әбден мүмкін. Сондықтан да қабылданған әр шешім өте маңызды екендігін ескеріп, ерекше сергек жүруіміз қажет», – дейді ол.

Қызметтік міндеті электр желілерімен тікелей байланысты жандар үшін үп еткен жел де, жылт еткен жауын тамшысы да сарыуайымға айналатыны сөзсіз. Өйткені кәсіби міндетін шын ықыласпен жүзеге асыратын жандар үшін бұл жазылмаған заңдылық шығар, бәлкім. Тіпті жұмысына жан-тәнімен берілген мамандарға мұндай жағдай оның өмірі мен көңіл-күйіне әсер ететінін қайтерсің.

Бір қызығы, Шеңгелді мен Түлкібас темір жол телімі аралығындағы қосалқы станцияларда еңбек ететін теміржолшылар санатында жаны нәзік электроэнергетиктер мүлдем жоқ. Демек, Рано Халматқызын заты әйел болса да, оңтүстік өлкедегі ерекше мамандық иесі деп айтуға толық негіз бар. Сондай-ақ Рано Халматқызының жұбайы – Бахадыр Юнусов та өмірін теміржол саласына арнаған азамат. Олар бұл күнде өсіріп, жетілдірген ұл-қыздарынан оншақты немере сүйген бақытты жандар.

«Қырық жылдық мол тәжірибеміз бола тұра, мұндай жетістікке жетуімізге ұжымдағы әріптестеріміздің қосқан үлесі көп. Сондықтан да біз әріптестерімізге риясыз ризашылығымызды білдіргіміз келеді. Елімізде күні кеше ғана Алғыс айту күні өтті емес пе?! Бұл мереке де айтылу оқиға болғандықтан барша отандастарымызға зор алғыс білдіреміз», – дейді олар.

Юнусовтардың ұзақ жыл бойы сіңірген ақ адал, маңдай тері Ұлттық компания басшылары тарапынан да елеусіз қалмаған. Рано Халматқызының айтуынша, әр жылдары алған алғыс, марапаттың ішінде ең ерекшесі өткен жылы іске асқан жобаны. Ерлі-зайыпты теміржолшыларға Ұлттық компания тарапынан арнайы жолдама ұсынылып, емдеу-сауықтыру кешеніне отбасылық демалыс ұйымдастырылыпты. Бұл да ақ адал бейнеттің зейнеті болса керек.

*Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,*
*Шымкент қаласы*
*Суретті түсірген автор*

# КӨКТЕН ҚАРАҒАН КҮЛІМКӨЗ

**Кәсіби мамандықты таңдау көп жағдайда мектеп қабырғасынан басталады. Алайда, Ақмарал Исмаилова қазіргі кәсібі туралы мектепте армандап көріп пе?! Жоқ. Оның қазіргі атқарып жүрген кәсібін қыздар түгілі ерлердің өзі меңгеруге тәуекел жасай бермейтіні анық.**

Ақмарал Қызылорда локомотив пайдалану деposында Шиелі айналым депосындағы көпірлі кран машинисі. Он шақты жылдан бері Шиелі айналым депосында аталған техниканы басқарып келеді. Оның көпірлі краны депо ғимаратының ішіндегі білек темірдің бойымен ғана қозғалып, аса ауыр салмақты керекті жерге көтеріп-түсіріп, локомотивтерді жөндеу кезінде маңызды рөл атқарады.

Депоның Шиелі станциясындағы өндірістік жұмыстары Ертуған Өтеғұловтың басшылығымен жүргізілуде. Басшы нәзікжанды кран машинисіне дән риза.

– Ақмаралдың депо жұмысында рөлі ерекше. Кез келген адамның атқара алмайтын жауапкершілігі мол жұмысты Ақмарал алғашқы күннен бастап ұршықша иіріп әкетті. Біздің ұжымдағы жеті қыздың барлығы ерлермен бірге бір сапта еңбектің тайқазанын қайнатуда. Азаматтарымыздың оларға деген ілтипаты, құрметі ерекше, – дейді айналым депосының



бастығы Ертуған Өтеғұлов.

Ақмарал бала кезінен теміржолда еңбек ететін ағаларына еліктеп, әрі сол кезеңдегі ең сенімді сала теміржолда жұмыс істеуге құштар болыпты. Бұл еліміз егемендік алған, бірақ тәй-тәй басқан бүлдіршіндей аяғынан нық тұрып кетпеген кезі болатын. Теміржолдың сол кезде тұрақты еңбекақы төлеп тұратыны көпшілікке демеу болып көрінипті. Ақмарал да ағаларының ақылымен Шиелі айналым депосына дефектоскопия маманы болып жұмысқа орналасыпты. Алғашында жұмыс ауырлау болғаны рас. Бірақ жанындағы әріптестері мен басшылықтың қолдауы жас қызға демеу болып, ол теміржолшы кәсібінің қыр-сырын меңгере бастайды.

Арада бірнеше уақыт өткенде жұмысқа тыңдырымды, жауапкершілікті бірінші орынға қоятын Ақмарал депо басшылығының ұсынысымен көпірлі кран машинисі болып қызметін ауыстыруға бел буады. Жерде емес, биікте әрі депо ішіндегі көпірлі кранда жұмыс істеуге алғашқы кезде жүрексінген қайсар қыз бойын тез жинап алып, кран тетіктерін меңгеруге кірісті. Бірнеше күннен кейін ол техниканы оңай игеріп, берген командаларды емін-еркін орындайтын кәнігі маманға айналды.

– Теміржол – күрделі сала. Алып саладағы қай қызметтің де өзіндік ерекшелігі, жауапкершілігі бар. Әрине, темір жол маған таңсық емес еді. Алғаш теміржолшы мамандығы туралы ағаларымнан естіп білдім. Бірақ, көпірлі кран машинисі боламын деген ой үш ұйықтасам да түсіме кірмепті. Дегенмен барлығына салқынқандылықпен қарауға тырыстым. Шағын кабинаның ішінде отырып орасан зор салмақтағы тепловоз бөлшектерін тисті жерге көтеріп түсірудегі қауіпсіздікті сақтау, дәлдікке мән беру жауапкершілікті қажет етеді. Осындай саланың өзіндік ерекшеліктерін біліп, тәжірибе жинауға қол ұшын берген және маған сенім білдірген тәлімгерлеріме, әріптестеріме, депо басшылығына алғысым шексіз,– дейді көпірлі кран машинисі Ақмарал Әбітайқызы.

Ақмаралдың бір ұлы Аян өзінің жанында қазандық машинисі болса, Еркебұланы Астанадағы «Нұрлы жол» вокзалының қызметкері болып ата-анасының кәсібін жалғастыруда. Кез келген адамзат баласы кіммен, қайда жұмыс істесе де оның әр ісінен мейірімділіктің, қамқорлықтың лебі сезілуі керек деген ұстанымды ұстанған кейіпкеріміз жұмыста салмақты маман болса, отбасында мейірім шуағын шашқан отанасы, адал жар.

*Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,*
*Шиелі*
*Суретті түсірген автор*

# АҚЖАЙЫҚТЫҢ АРУЫ

**«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші, отбасында көрген тәрбие адамға өмір бойына азық болатыны ақиқат. Біздің кейіпкеріміз Қамажай Дүржанова теміржолшылар отбасынан шыққан. Әкесі Жұбаныш пен анасы Жұпар да Гурьев жол дистанциясында ұзақ жылдар бойы жолшы болып еңбек еткен жандар.**

Бір шаңырақ астында өскен бауырларымен бірге Қамажай да темір жолдың қиындығы мен жауапкершілігін кішкене кезінен көріп-біліп өсті. Содан да болар, бүгінде бір шаңырақтан бақандай жеті адам теміржол саласында еңбек етеді. Қамажай 1982 жылы Гурьев темір жол техникумына теміржол шаруашылығының құрылыс және пайдалану факультетіне оқуға түсіп, 1986 жылы жол техникі деген мамандық алып шығады. «Теміржолшы мамандығын таңдағаныма өкінбеймін. Мен үшін еңбек орным сарқылмас білім кені, өмір мектебім іспеттес. Өйткені мен осы салада жүріп өндірістің алуан түрлі қыр-сырын ғана үйренген жоқпын, сонымен қатар өмірлік сабақтар да алдым. Бастысы – өз ісіме адал болуға тырыстым» дейді ол.

Қамажай алғашқы еңбек жолын жол жөндеу мекемесінен бастайды. Жолдың жарамдылығын бабында ұстау – жолшылардың басты міндеті. Шақырымдарды жаяу аралап, рельстің орнықтылығын, шпалдардың бүтіндігін, бұрандалардың бекемдігін тексеріп жүру, бір сөзбен айтқанда жол қауіпсіздігін қадағалау күнделікті әдетке айналған жұмыс. Сол саланың маманы болғасын да ол іске адалдығымен қызмет етеді. Содан кейін құрылыс-шаруашылық бөлімінде біраз жылдар жұмыс жасайды. 2008 жылдан бастап күні



бүгінге дейін Ақжайық сигнализация және байланыс дистанциясының жөндеу технологиялық учаскесінде СОБ электромеханигі қызметін атқарады.

«Қамажай Жұбанышқызы өте салмақты, орнықты адам, жұмысына асқан жауапкершілікпен қарайды. СОБ құралдары мен қондырғыларының дені сол кісінің қолынан өтеді. Яғни жол бойындағы байланыс саласының бекем болуы, аспаптардың үздіксіз жұмыс жасауы – соның арқасы. Өндірістегі орны айрықша маман», – дейді цех бастығы Сәлима Жұматова.

Ұяң мінезді Қамажай Жұбанышқызы ұжымда сыйлы, үлкенге ізетті, кішіге қамқор жан. Білгенін жастарға үйретуден жалықпайды. Ол – отбасында да бақытты ана. Жолдасы Әділов Есен да Қарабатан станциясында еңбек етеді. Екеуі бір ұл, бір қыз өсіріп, олардан немере-жиен сүйіп отырған бақытты ата мен әже.

*Қосұйым МҰҚАШЕВ,*
*Атырау*
*Суретті түсірген автор*

# ЖҰМЫСЫНА АДАЛ ЖҰЛДЫЗ

**Семей ЖТ бөлімшесі бойынша «Солтүстік тармақ» аталатын Семей – Локоть теліміндегі пойыз қозғалысы тым жиі. Сондықтан да ондағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін теміржолшылар қауымына қырағылық аса қажет. Осы ретте аталмыш телім бойындағы Дүйсекен станциясындағы теміржол өткелінің кезекшісі Жұлдыз Есенованың қызметі еселі.**

Түркісіб бойында, әйгілі Жарма өңірінде өмірге келген Жұлдыз Оразханқызы бүгінде отбасымен бірге теміржол саласында еңбек етіп келеді. Жұбайы Оралбек пен күйеубаласы ПЧ-39 мекемесінің білікті жолшылары. Ал өзі Дүйсекен станциясындағы өткел кезекшісі қызметін ойдағыдай атқарып келеді.

– Теміржол өткелі – қауіптілігі аса жоғары нысан. Әсіресе түнгі ауысым барысында аса қырағылық керек. Әсіресе көлік жүргізушілерінің теміржолдан өту ережесін жиі бұзатынын ескерсек, қатерідің аяқ астынан болуы ықтимал. Жалпы пойыз қозғалысының қауіпсіздігін сақтау үшін қатаң тәртіп пен сақтық, кәсіби біліктілік қана емес, осынау жолдағы



өз мамандығыңа деген сүйіспеншілік те қажет. Сонда ғана өз қызметіңді мүлтіксіз атқарып, жұмыс орнында өткізген уақыт бақыт әкеледі, – дейді Жұлдыз Оразханқызы.

